



ҚР Тұңғыш Президенті күні қарсаңында Арал ауданының Сексеуіл кенті маңында компрессорлық станция іске қосылды.

Станцияның ашылу салтанатына Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Кошербаев және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Шәріпбаев қатысты. Шараны Астанада ҚР Энергетика министрі Канат Бозымбаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев және республиканың газбен қамтамасыз ететін кәсіпорындарының басшылары тікелей байланыс арқылы тамашалады.

«Бүгін біз Арал өңірінде «Арал» компрессорлық станциясының іске қосылу рәсіміне куә болдық. Ұлы даланың қуатын ел игілігіне жұмсау мүмкіндігін тәуелсіз еліміздің қарқынды дамып келе жатқанының бір дәлелі ретінде атап отуға болады. «ҚазТрансГаз» АҚ қызметкерлері болінген 50 млрд теңге қаржыға жеті айда рекордтық уақыт ішінде өте маңызды нысанды іске қосып отыр. Сонымен қатар, жақын арада «Қорқыт ата» компрессорлық станциясы іске қосылады. Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында

«Қараозек» компрессорлық станциясынан бастап Астанаға қарай Сарыарқа магистральды газ құбырының құрылысы басталып, Елордамызға қолдир отын жеткізу жобасының басталуына қуәгер боламыз. Осының барлығы - халқымыздың ауызбіршілік, ынтымағының және Елбасы саясатының арқасында», - деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, ҚР Энергетика министрі Канат Бозымбаев қызылордалықтарды станцияның іске қосылуымен құттықтады.

Естеріңізге сала кетейік, Қызылорда облысының әкімдігі мен "ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ арасындағы меморандумға сәйкес Арал, Қазалы, Шиелі және Жанакорған аудандарын және Байқоңыр қаласын газдандыру жобасы жүзеге асырылды. Биыл ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен қалған 3 аудан орталығын - Жосалы, Теренозек және Жалағашты газдандыру жұмыстары басталды, 2020 жылы барлық 7 аудан орталығын қолдир отынға қосу жоспарлануда.

Қазіргі таңда онірде облыс халқының 63%-ы табиғи газбен қамтамасыз етілген, 2020 жылға қарай газдандыруды 95% - га жеткізу міндеті қойылған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі